

ISSN 2616-678X

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

BULLETIN

of the L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ФИЛОЛОГИЯ сериясы

Серия **ФИЛОЛОГИЯ**

PHILOLOGY Series

№3 (124) / 2018

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Астана, 2018

Astana, 2018

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Редакция алқасы

Аскер оғлы Рамиз	Ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	Ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	Ф.ғ.д. проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	Ф.ғ.к., (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассос. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	Ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	Ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	Ф.ғ.д. проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	Ф.ғ.к., қауымд. проф. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Сатпаев к-сі, 2, 408 б.

Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Жауапты редактор, компьютерде беттеген Құрманғалиев Ілияс

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы

Меншіктенуші: ҚР БЖҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Тиражы: 35 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 12/1, тел.: (7172)709-500

(ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief **Dihan Kamzabekuly**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial board

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology, (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satpayev str., of.408, Astana, Kazakhstan, 010008
Tel.: (7172) 709-500 (ext. 31413)
E-mail: vest_phil@enu.kz

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: (7172) 709-500 (ext.31413)

© L.N. Gumilyov Eurasian National University

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Редакционная коллегия

Аскероглы Рамиз	д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Акматалиев Абдылдажан	д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	к.ф.н., (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассос. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	к.ф.н., ассос. проф. (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, каб. 408

Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Ответственный редактор, компьютерная верстка Ильяс Курмангалиев

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: (7172)709-500 (вн.31413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Мазмұны

<i>Акбаров А.</i> Шет тілдерін оқыту саясатына қатысты әлеуметтік-мәдени факторлар: Босния мен Герцеговинаның тақырыптық зерттеулері	8
<i>Атанасова С.</i> Шағын аймақтағы «жаһандық ландшафтар»: Велико-Тырноводағы қоғамдық жазбалардың лингвистикалық суреті	17
<i>Бейсембаева Ж.А., Барямова Р.К.</i> Шет тілді оқытуда жаңа технологияларды пайдалану	29
<i>Дюсекенева И.М., Дюсекенев Д.Н.</i> Этномәдени деталь мәселесі орайында	39
<i>Каженова М.М., Жусупова Р.Ф.</i> Оқу үдерісіне жаңа технологияларды енгізу	46
<i>Шарипова М.К., Жанзақова Г.З.</i> Аударма - тіларалық және мәдениетаралық қарым-қатынас құралы	52
<i>Тәжібаева С.Ж., Невская И.А., Мүтәлі А.К., Қадысқызы А.</i> Қытайда қазақ тілінің қолданылуы: мәселелер мен зерттеу перспективалары	59
<i>Байбек А.К.</i> Біржан сал – Арқа ән дәстүрінің көрнекті өкілі	69
<i>Бескемер А.</i> Көркем мәтінді аудару және түсіну: барабарлықтың өлшемшарты	81
<i>Мухамед Абдо Д.</i> Жауынгер-әйел тақырыбы (Б. Васильевтің «А зори здесь тихие» повесі бойынша)	88
<i>Дүйсекова К.К., Габдулина А.К.</i> Қазақ және қытай тілдеріндегі метафоралардың ерекшеліктері	98
<i>Дүйсенгазы С.</i> Қазақ-қырғыз айтыс өнеріндегі ортақ мұрат	109
<i>Жақыпов Ж.А., Догдырбай А.</i> Фольклорлық жанрлар мәтінінің бастапқы және аяққы шендері	116
<i>Жұмағұлов С.Б.</i> Ақын Сәбит Дөнентайұлының мысал өлеңдері	128
<i>Қоңыратбаева Ж.М.</i> Әлемнің мәдени бейнесіндегі Шығыс және Батыс кеңістігі (лингвомәдениеттанымдық тәжірибе)	135
<i>Мурсалимова Г.А., Еділбаев Б.А.</i> Анимация өнерін зерттеудің теориялық - әдіснамалық аспектілері	149
<i>Мырзаханов Т.А.</i> Ағылшынның қаржы және экономикалық метафораларын аударудағы лингвомәдениеттанудың қырлары	157
<i>Нұрахметов Е.Н., Наралиева А.А.</i> Қазақ, ағылшын, неміс сөйлеу тіліндегі гендерлік ерекшеліктер	169
<i>Сүйінова Г.С.</i> Қалалық бірегейліктің урбонимикондағы көрінісі	177
<i>Сұлтанбекова С.А.</i> Неміс тіліндегі аффиксті жаңа мағыналы туынды сөздердің прагматикалық аспектілері	185
<i>Шаймердинова Н.Г., Жиёмбай Б.С., Жиёмбаева Г.Т.</i> Армян-қыпшақ ескерткіштеріндегі есім сөз таптарының жалпы сипаты	192
Мақаланы рәсімдеу үлгісі	204

Contents

<i>Akbarov A.</i> Socio-Cultural Factors Involved in the Foreign Language Teaching Policy: Case Study of Bosnia and Herzegovina	8
<i>Atanassova S.</i> «Global Landscapes» in Small Places: the Linguistic Picture behind the Public Inscriptions in Veliko Turnovo	17
<i>Beisembayeva Zh.A., Baryamova R.K.</i> The use of Technologies for Foreign Language Teaching	29
<i>Dyussekeneva I.M., Dyussekenev D.N.</i> To the Problem of Ethnocultural Detail	39
<i>Kazhenova M.M., Zhussupova R.F.</i> Integrating new Technologies into Curriculum	46
<i>Sharipova M.K., Zhanzakova G.Z.</i> Translation as a Tool for Interlingual Communication	52
<i>Tazhibayeva S.Zh., Nevskaya I.A., Mutali A.K., Kadyskyzy A.</i> Kazakh Language as Spoken in China: Problems and Research Perspectives	59
<i>Baibek A.K.</i> Birzhan Sal – outstanding representative of the singing tradition of Sary-Arka	69
<i>Beskemer A.</i> Translation and Interpretation of Literary Text: Equivalence Criteria	81
<i>Dina Mohamed Abdo</i> The Theme of a Female Militant (on the Material of B. Vasilyev's Novel «The Dawns Here Are Quiet»).....	88
<i>Duysekova K.K., Gabdulina A.K.</i> Peculiarities of Kazakh and Chinese Metaphors	98
<i>Duysengazy S.</i> Commonalty of ideo in Kazakh-Kyrgyz Aitys	109
<i>Zhakupov Zh.A., Dogdyrbai A.</i> Initial and Final Positions of the Text of Folklore Genres	116
<i>Zhumagulov S.B.</i> Fables of the Poet Sabit Donentayuly	128
<i>Konyratbayeva Zh.M.</i> East and West Space in the Cultural Picture of the World (Linguocultural Experiment)	135
<i>Mursalimova G.A., Edilbayev B.</i> Theoretical and Methodological aspects of Animation Art	149
<i>Myrzakhanov T.A.</i> Lingual and Cultural Aspects of Translation of Metaphors in Financial and Economic Discourse	157
<i>Nurakhmetov E.N., Naraliyeva A.A.</i> Gender features of oral speech in the Kazakh, English and German languages	169
<i>Suynova G. S.</i> On Representation of Urban Identification in the System of Urbonyms	177
<i>Sultanbekova S.A.</i> Pragmatic Aspects of New Affixal Derivatives of the German Language	185
<i>Shaymerdinova N.G., Zhiyembay B.S., Zhiyembayeva G.T.</i> General characteristics of the nominal parts of speech in the Armenian-Kypchak monuments	192
Template	206

Содержание

<i>Акбаров А.</i> Социально-культурные факторы, связанные с политикой преподавания иностранного языка: тематическое исследование Боснии и Герцеговины	8
<i>Атанасова С.</i> «Глобальные ландшафты» в малых пространствах: лингвистическая картина за публичными надписями Велико-Тырново	17
<i>Бейсембаева Ж.А., Барямова Р.К.</i> Использование современных технологий в преподавании иностранных языков	29
<i>Дюсекенева И.М., Дюсекенев Д.Н.</i> К проблеме этнокультурных деталей	39
<i>Каженова М.М., Жусупова Р.Ф.</i> Интеграция новых технологий в учебном процессе	46
<i>Шарипова М.К., Жанзакова Г.З.</i> Перевод как инструмент межъязыковой и межкультурной коммуникации	52
<i>Тажиббаева С.Ж., И.А. Невская, Мутали А.К., Кадыскызы А.</i> Функционирование казахского языка в Китае: проблемы и перспективы исследования	59
<i>Байбек А.К.</i> Біржан сал – выдающийся представитель песенной традиции Сары-Арки	69
<i>Бескемер А.</i> Перевод и интерпретация художественного текста: критерии эквивалентности	81
<i>Мухамед Абдо Д.</i> Тема женщины-бойца (на материале повести Б. Васильева «А зори здесь тихие»)	88
<i>Дуйсекова К.К., Габдулина А.К.</i> Особенности казахских и китайских метафор	98
<i>Дуйсенгазы С.</i> Общность идей в казахско-кыргызских айтысах	109
<i>Жакупов Ж.А., Догдырбай А.</i> Начальная и конечная позиции текста жанров фольклора	116
<i>Жумагулов С.Б.</i> Басни поэта Сабита Донентайулы	128
<i>Коныратбаева Ж.М.</i> Пространство Восток и Запад в культурной картине мира (лингвокультурологический эксперимент)	135
<i>Мурсалимова Г.А., Едильбаев Б.</i> Теоретические и методологические аспекты анимационного искусства	149
<i>Мырзаханов Т.А.</i> Лингвокультурологические аспекты перевода метафор англоязычного финансово-экономического дискурса	157
<i>Нурахметов Е.Н., Наралиева А.А.</i> Гендерные особенности устной речи казахского, английского и немецкого языков	169
<i>Суюнова Г.С.</i> Об отражении городской идентичности в урбонимиконе	177
<i>Султанбекова С.А.</i> Прагматические аспекты новых аффиксальных дериватов немецкого языка	185
<i>Шаймердинова Н.Г., Жиёмбай Б.С., Жиёмбаева Г.Т.</i> Общая характеристика именных частей речи в армяно-кыпчакских памятниках	192
Образец оформления статьи	208

ГРНТИ 18.67.45

Г.А. Мурсалимова, Б. Еділбаев

Т. Жүргенов ат. Қазақ ұлттық өнер академиясы, Алматы, Қазақстан

Анимация өнерін зерттеудің теориялық-әдіснамалық аспектілері

Аңдатпа. Мақалада заманауи қазақ анимацияның негізгі көркемдік тенденциясын анықтау үшін, әлемдік контекстегі анимация өнері туралы шетелдік, ресейлік және отандық кинотанушылар, мәдениеттанушылар мен зерттеушілердің еңбектері сараланған.

Осы бағыттағы мемлекеттік стратегиялық іс қимылдарды жүзеге асыратын кілттің бірі – анимация өнері. Осы өнер түрінің қашан және қайдан пайда болғанын генезесін зерттеу, ғылыми сараптамадан өткізу, оның айналасындағы ғылыми терминдермен категорияларын анықтау, осы мәселенің теориялық және әдіснамалық бастауларын белгілеуге көмектеседі.

Зерттеушілер «анимация» және «мультипликация» деген түсініктердің аясында теориялық зерттеулерді сараптай отырып, «анимация өнерінің шығармасы» деген өзіндік терминді ұсынады. Авторлар көптеген өнертанушылар, киносыншылар мен мәдениеттанушылардың зерттеу жұмыстарындағы «анимация» түсінігін саралау арқылы, негізгі категорияларды бөліп көрсетеді.

Мақалада анимация өнерін зерттеудің теориялық-әдіснамалық аспектілеріне жапы шолу жасалып, қалыптасу тарихи бастаулары қарастырылған.

Түйін сөздер: қазақ анимациясы, көркемдік тенденциялар, өнер мен білім, мультипликация, анимация өнерінің зерттелуі.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2018-124-3-149-156>

Кіріспе. Қазақ халқының сан ғасырлық рухани мұраларының қалыптасуы барысында пайда болған қазақ анимация өнерінің қайнар бастауларын мәдениеттанулық, нақтырақ айтсақ, өнертанулық тұрғыдан зерттеудің өзектілігі бірнеше мәдени факторлармен және Қазақстан Республикасының қабылдаған мәдени даму бағдарламаларымен үндесіп жатқан өркениеттік үрдістермен айқындалады.

Қазіргі тәуелсіз мемлекетімізді одан әрі қарай нығайту мақсатында іске асырылып жатқан рухани шараларға қатысты ұлттық өнер мен мәдениеттің өркендеуіне қолайлы жағдайлар қалыптасып, айқын жол ашылды.

Мақсаты мен міндеті. Өнер туындыларынан бастау алған мәдени дәстүрлерге қашан да әлеуметтік қайта жаңғырудың қайнар көзі болады. Өзінің тарихи-мәдени қайнарларына қайта оралу мәдени мұраны жандандыру – бұл позитивті үрдіс екені сөзсіз ақиқат. Осы бастаулар негізінде жас ұрпақ тәрбиелеу, олардың сана-сезіміне анимация өнері арқылы ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді кеңінен беру өте өзекті мәселе болып табылады. Себебі жас ұрпаққа көңіл бөлу мемлекетіміздің болашағы үшін қызмет етудің басты құрамдас бөлігі екені даусыз ақиқат. Бұл туралы халық даналығы, «Егер жас ұрпағым деген ел болмаса, онда елім деген жас ұрпақ қайдан пайда болмақ» - дегендей біздің қазіргі егемендігімізді нығайтудың басты кілттерінің бірі – ұрпақ тәрбиесі болмақ.

Осы бағыттағы мемлекеттік стратегиялық іс қимылдарды жүзеге асыратын кілттің бірі – анимация өнері болып есептеледі. Осы өнер түрінің қашан және қайдан пайда болғанын генезесін зерттеу, ғылыми сараптамадан өткізу, оның айналасындағы ғылыми терминдермен категорияларын анықтау, осы мәселенің теориялық және әдіснамалық бастауларын белгілеуге көмектеседі. Әлемдік өнердің алдыңғы қатарларындағы өркениетті елдердің мәдениеті өнерінде пайда болып, кейіннен Кеңес Одағы кезінде қазақ халқына жеткен бұл өнердің, қазақ еліндегі көптеген ерекшеліктерімен өзге өркениеттегі елдердегідей жалпы белгілері де бар. Әрине әрбір ғылымның өзінің пәнін зерттегенде қолданатын арнайы әдіс-тәсілдері мен ерекшеліктері бар. Мысалы, әдебиет сөздің құдіретінің арқасын-

да барлық шығармашылықты қамтитын өнер ретінде белгілі. Ал, музыка тек адам баласының дауысымен ғана емес, әр түрлі тембрдегі табиғи әрі техникалық тұрғыда жасалған дыбыстармен тығыз байланыста болады. Сәулет өнері мен қолөнердің өзі кең ауқымды алып жатқан материалдық дүниелер мен заттардың қосындысынан құралған адами қажеттіліктерді өтейтін бірден-бір күрделі әрі көпжақты өнердің бірегейі. Әрбір өнер түрі өзіндік ерекшелігі мен қайталанбас қасиетке ие, себебі олар адамның рухани болмысының әртүрлі қырларын ашуға бағытталған.

Тақырыптың зерттелуі. Әлемдік мәдениеттерде өнердің шығармашылық бастауларын зерттеген ғұламалар 19-шы ғасырдан бастап, өз дәуірін барынша қамтыған Гегель, Шеллинг, Вагнер, Скрябиндердің еңбектері өнер түрлерінің әрқайсысының пайда болуы мен дамуы, өміршең қажеттілігінің өзіндік себептері бар екендігін эстетикалық ойларында дәлелді түрде айтады. Әлемдік көркемдік мәдениеттің қалыптасу жолында өнер түрлері ылғи да өзгеріске ұшырап, әр қилы тенденцияларды тудырып отырды. Көне заманғы синкреттік өнер түрлерінен, тарихи даму барысында синтездік өнер түрлері қалыптасып шықты. Сондай-ақ олар әрдайым өзгеру, жетілу, даму үстінде.

Әлемдік мәдениеттегі ең жас өнер – кино өнері бүгіндері адам өмірінде өзіндік алар орны үшін аянбай күресіп келеді. Қоғамда басқа өнер түрлерімен қатар аталып, түпкі тамыры көпғасырлық көркемдік мәдениетпен тығыз байланыста екенін ұқтырып, өзін солардың жалғасы, адамзат өміріндегі рухани құрал ретінде мойындатып отыр, әрі өскелең ұрпақ санасын билеуде өте айқын табыстарға жетуде.

Көтерілген мәселенің өзектілігі. Әйгілі кино тарихшы, ірі теоретик Зигфрид Кракауэр: «Өзінің ширек ғасырлық өмір сүру кезеңінде кино ғажайып жемісті жолды бастан кешірді. Ғажап суреттердің қозғалыстары дәуренінен синтетикалық – дыбыстық, түрлі-түсті, көлемді, кең экранды қойылым жасайтын, әрі адамның мінез-құлқының тереңіне бойлайтын сыртқы қозғалыстарды жазып алумен қатар, тарихи оқиғалардың табиғаты мен күрделі әлеуметтік құбылыстар шеңберіне дейін ене білді. Кинодағы көркемдік мүмкіндіктердің дамуы мен баю жолы әлі де біте қойған жоқ. Экран өз келбетін суреткердің еркі бойынша өзгертуге, телевизия болса киноға өзінің шексіз көпшіліктігін және еңсерілмеген шығармашылық мүмкіншіліктерін әкелуге дайындалу үстінде. Сондықтан кино өнер туындысын өмірге әкелетін суреткерлермен бірге, спецификасы, мән-мағынасы мен перспективасын тарататын теоретиктердің алдында жаңа мәселелерді алға тартады», - деп жазғандай, киномен бірге анимация өнері де дамудың сатыларын еңсеріп, өзіндік орнын жоғалтпай келеді», тіпті қоғамдық сана модернизациясында да өзінің жас ұрпаққа тигізер әсерлерін үдете түсуде [1, 3 б.].

Ал бірақ анимация ұзақ уақыт бойы жүйелі теориялық зерттеу нысанына айнала алмады. Тіпті «анимация» түсінігінің өзі 60-шы жылдардың орта шеніне дейін белгілі бір нақты анықтамаға ие емес еді. XX ғасырдың бірінші жартысында анимацияның әртүрлі белгілерін негізге алған және оны түбегейлі зерттеу барысына негізделіп сүйенген көптеген дифинициялар пайда болды.

Зерттелуге нысана болған мәселенің талқылануы. Көп жылдық талқылаулар барысында қалыптасқан «АНИМАЦИЯ» ұғымы өзінің ең ақырғы нұсқасын 1980 жылдың маусымында ұсынды. Ол АСИФАЗ жарғысына енгізіліп, ресми түрде бекітіліп, онда қазір «Анимацияның заманауи түсінігі бейнені бірізді түсіру әдісімен – кадрдан кадрға – техникалық әдістер мен әртүрлі материалдарды пайдалана отырып қозғалыс иллюзиясын жасаудан тұрады» деп жазылған.

Ұзақ жылдар бойы анимация мағынасының астарында кадрлық әдіспен түсірілген суреттеп салынған немесе қуыршақтық фильмдер қолданылды. Отандық кинотану саласында алғашқылардың бірі болып анимация ұғымын талқылаған кеңестік анимация пионері А. Бушкин болды.

Ол мультипликация дегеніміз – бұл «жекелеген кадрларға бөлінген қозғалыстарды фиксациялау – басқаша айтқанда – кадр-түсірілім» дейді. А.Птушко [2] да анимацияғы кадр-түсірілім деп анықтама берген болатын. «Эрекет етуші кейіпкерлер бейнесі (адамдар және жануарлар) жанды суретпен немесе көлемді қуыршақтармен алмастырылып, ал шынайы табиғат келбеті макетпен немесе кескінді табиғат бейнесімен алмастырылса – мультипликация деп аталады». Әрі қарай: «тәжірибеде «мультипликацияны» (айқындап белгілеу – Н.К.) әлде-қандай қозғалысқа жіктелген оның құрамдас элементтерін аппарат тұтқасын бір бұрау арқылы жеке бір кадр жасайтын (жеке фото сурет) пленкаға суретке түсіру деп түсінеді». Іс жүзінде анимацияны бұлайша түсіну фотографиялық кино үшін де анимация үшін де негізге аларлық фототүсірілім қағидасын біртұтас етті. Бірақ, заманауи жағдайда пленка тек ақпаратты тасымалдаушы мүмкіндік болып табылады, мұндай жағдайда анимациялық фильм жасау барысы материалды фотографиялық тұрғыда фиксациялау әдісімен мүлде байланысты болмауы мүмкін.

Анимация туындыларын зерттеу күрделілігі оның әртүрлі пішіндер, түрлер мен бағыттардың тұтастай конгломератын ұсынуымен негізделеді. Анимациялық туынды өз табиғатында синтетикалық. Онда бейнелеу өнерінің, әдебиеттің, театр мен музыканың, актерлік шеберліктің элементтері бір арнада тоғысады. Мәнерлеуші құралдардың сан алуандығы, олардың кездейсоқ әрі ерекше үйлесімі анимациялық туындының әртүрлі синтетикалық пішіндерін тудырады.

Е.А. Попов 2011-ші жылы «анимация» және «мультипликация» деген түсініктердің аясында теориялық зерттеулерді сараптай отырып, «анимация өнерінің шығармасы» деген өзіндік терминді ұсынады. «Әдебиеттерде анимация және мультипликация сөздерінің синонимдес қате түсінікті туындататынын баса айтқан автор екеуінің екі түрлі мағынаға ие екенін атайды [3].

Автордың анимация түсінігіне нақты анықтамалар беруі заңды. Ол дәлелді пайымдар келтіреді. Ол, көптеген өнертанушылар, киносыншылар мен мәдениеттанушылардың зерттеу жұмыстарындағы «анимация» түсінігін саралау арқылы, келесі негізгі категорияларды бөліп көрсетеді:

- техникалық құрамы бойынша (мультипликация);
- көрермен қабылдауының психофизиологиялық аспектісі бойынша;
- түрлі өнер түрлеріне жататындығы бойынша;
- анимацияны оның жасаушы авторларының анықтамалары бойынша;
- анимациялық бейнені жасайтын құралдары бойынша (қозғалыс, уақыт, кеңістік т.б.);
- құраушы анықтамалар (белгілі адамдардың көзқарастары);
- әлеуметтану мен педагогика салаларына керек-жарағы бойынша (анимацияның рекреационды, туристік және ойын-сауық іс-шараларына)».

Сонымен, жоғарыда келтірілген пайымдаулар нәтижесінде зерттеуші «анимацияны алуан түрлі техника мен мәнерлеу құралдарының көмегімен «жандану», «жандардың бейнелерге үлестірілуі сияқты жасанды жасалған айрықша аудиовизуалды өнерлердің категориясына жататын көркемдік шығармашылықтың түрі»,- деп атайды. Бұл анықтама анимацияның жан-жақты әмбебап өнер екендігін айшықтайды, оның айшықты белгілерін көрсетуде.

Мультипликация өнерінің қалыптасуы мен дамуына Т.Эдисон, Э.Коль, Э.Рейно, Ж.Плато, У.Дисней сынды тұлғалар көп еңбек сіңірді. Бұл бастапқы кезеңдерді қамтыған суреткерлер болса, кейінгі анимация өнерінің даңғыл жолын жаңаша жаңғыртқан Иржи Трнка, Г.Тырлова, К.Земан, Б.Пояр, И.Брдечк, Д.Вукотич, Т.Диновтар еді. Ал, Ю.Норштейн [4], А.Хржановский, Ф.Хитрук, Э.Назаров сынды үздік мультипликаторлардың еңбегі мен шығармашылығы әлемге танылды, әрі бұл өнер түрін ерекше жаңа деңгейге көтерді.

Мультипликация уақыт сарынымен «анимация» деген жаңа атауға ие болды. Мультипликация сөзі латын тілінен аударғанда «көбейту» деген мағынаны білдірсе, ани-

мация сөзі, анима – жан, жандандыру деген мағынаға ие. Басқаша айтқанда, техникалық тұрғыда көбейтушіден, аниматор жаңа әлем жасап, соны жандандыратын, жан бітіруші маман иесі. Осында, белгілі мультипликатор Ф.Хитруктың: «Мультипликация – кішкентай құдай секілді», - деген қанатты сөзінің мағынасы айқындалады. Дегенмен, бүгіндері мультипликация, яғни анимацияның көркемдік табиғаты мен өзіндік ерекшеліктері төңірегіндегі ғылыми пікірталастар толастаған жоқ, олар әртүрлі аспектілерде көрініс табуда [5].

Бұл өнердің кинематографиямен ұқсастықтарын, тіпті бейнелеу өнерімен байланысын кинотанушылар мен теоретик ғалымдар жаңаша көзқарастар тұрғысынан сарапқа салуда және ерекше белгілерін ашып көрсетуде.

А.Ф. Лалетинаның көзқарасы бойынша, «мультфильм – заманауи мәдениеттің айнасы. Басқа өнер түрлері секілді, мультфильмдер өркениеттің әлдеқандай құндылықтарын паш етеді: мысал үшін, мультфильмдерді топтарға бөліп көрсетуге болады (кеңестік кезеңдегі мультфильмдер, заманауи батыс және Ресейдің мультфильдері, жапон мультфильмдері). Сондықтан, мультфильм, сөзсіз, сол өзі жарық көрген уақыт пен қоғамның құндылықтарын сипаттайды. Дегенмен, мультфильм – мәдениеттің құралы ғана емес, бұл өсіп келе жатқан ұрпақтың мәдениетін құрушы мәдениеттің белсенді құралы» [6, 143 б.] болды деген пікірімен келісе отырып мультипликацияның, қазіргі таңда бүкіл әлемдік атаумен анимация ретінде анимациялық фильмдер заманауи қоғамдық өмірдің бөлінбейтін бөлшегі болып отыр. Аталмыш өнердің тұңғыш пайда болған уақытынан бері әр қилы даму кезеңдері мен тарихы қарапайым аудитория үшін ғана емес, мәдениеттанушы ғалымдар, кинотанушылар мен сыншылар тарапынан аса үлкен қызығушылыққа ие болып келеді. Жиырмамыншы ғасырдың басында психологтар қоғамдық өзгерістер мен мәселелердің анимациялық фильмдердің көмегімен жеңіл қабылданатындығын ғылыми тұрғыда дәлелдеді. Сондықта да бұл әдістер келешекте зор қолданбалық маңызға ие екендігін тура айтуымыз керек.

Жас жеткіншектің ата-аналары, педагогтар мен психологтар заманауи шетелдік мультфильмдердің қауіптілігі мен балалар психикасының қалыптасу жолындағы әсері жайында көп толғанады. Шетелдік немесе отандық мультфильмдердің пайдасы мен зиянын ажырата алмай жатады. Алайда, психологтар заманауи мультфильмдердің берер нәтижелерін бөліп қарастырады, көптеген қырларын айқара ашып берді, заңдылық процестерін және детерминанттық байланыстарын көрсетті.

Бірінші - агрессиялық тәртіптің мотивациясы. Мультфильмдердегі басты кейіпкерлер аса қатігездігімен көзге түсіп, айналасындағыларды жоюды, өлтіруді көздейді. Осындай қатігез сахналар көрермен санасында қайталанып көрсетіле берсе, олардың агрессиялық тәртіптегі моделін қалыптастырады.

Екінші - балалардың зомбиға айналуы. Сөйлеу мәнерінің докторы Салли Вордтың айтуынша, соңғы жылдары көру ақпаратын ғана қабылдайтын балалардың саны көбейді. Мектепте визуальді қабылдауды вербальді қабылдауға алмастыруда қиыншылыққа тап болады. Олардың бір бірімен қарым қатынасы мен араласуы да күрделене түседі.

Үшінші - мультфильмдердегі махаббат пен эротика. Шетелдік мультфильмдерде махаббат тақырыбы, кейіпкерлердің арасындағы қарым қатынас ашық көрсетіледі. Мұндай сәттер белгілі «Шрек» фильмінде жиі қайталанатын. Психологтардың пікірінше, мұндай жағдайлар балаға барлық жағынан кері әсер етіп қоймай, соған итермелеуге әкеліп соғады. Төртінші – мультфильмдердегі ана, әйел, ер адамның бейнелері. Бұл бейнелердің барлығы өзінің қадір қасиетін жоғалтып, бұрын соңды болмаған жағдайда сипатталады. Осындай дүниелер көрерменнің санасында тез жатталып, гипнозды түрде әсер береді, кейде ойламай автоматты түрде іс-әрекетке жетелейді.

Ал енді, педагогика ғылымы болса, кинематографтың, оның ішінде анимациялық фильмдердің жас жеткіншектердің жеке тұлға болып қалыптасуында, шындықты қабыл-

дап, таным түсінігін саралау мен ойлау қабілетін дамытып қана қоймай, өзіндік пікірін ашық білдіру сияқты қасиеттерді сіңіруде назардан қалмайтындығын баса айтады, тәрбиелік мәніне ерекше көңіл қояды.

Бұл бағыттан қарағанда, А.Ю.Шаханская: «Медианың масштабты түрде адамдар өміріне деген әсері күн санап өсіп келеді. Заманауи ақпараттық қоғамда бізге әр жағынан әсер ететін үлкен ағымдағы ақпараттармен бетпе-бет келуге мәжбүрміз. Адам баласы балалық шағынан бастап ақпараттық кеңістікке бой ұсынған. Бала мектепке баратын сәтінен-ақ ол визуалды (фото баспа), аудио (дыбыстық), аудиовизуалды (кино, видео, теледидар) медиа түрлерімен таныс. Жас ерекшелігіне қарай балалар оның әр түріне әуестік танытады», -деп жазады» [7, 286 б.]. Яғни, автор балаларды күнделікті бұқаралық ақпараттардың әсерінен теріс пікірлер қалыптастыруынан қорғау мәселесін, немесе мультипликациялық фильмдердің кіші жастағы балаларға деген әсерін бірнеше аспектіде қарастырады.

Ал, Е.С.Щуклина бала тәрбиесіндегі заманауи мультипликацияның рөлін екі көзқараста қарастырады. Біріншіден, «мультипликациялық фильмдер баланың жақсы не жаман дүниелер жүйесін танытып, пайдасын әкелсе; екіншіден, олар моральдік негізгі қағидалардың шекарасынан асып кетеді. Осындай бағытта, мультфильмдердің балалардың психикасына деген әсерін О.Козачек, О.Воронина, М.Медведева, Н.Гришеева, В.Абраменко, А. Богатырева сынды зерттеушілер кеңінен қарастырған. Сондай-ақ, Д. Андрющенко, Н.Маркованың көзқарастары да әріптесі А.Бандура, А.Орловтың пайымдарымен ұқсас» [8].

Қазіргі мультфильмдердің тәрбиелік мәдениет тудырушы белсенділігін шартты түрде келесі үш топқа бөлуге болады: әлем жайындағы қарапайым білімдер; жаңа сөздер мен ағымдар; адамдар арасындағы қарым қатынастар моделі; адамдардың құндылықтары, эстетикалық компонент. Мультфильмдер балаға жалпыадамзаттық тәжірибе, мәдениет, дәстүрлер мен халықтың тарихын қол жетімді етеді, сонымен қатар ұлттық дәстүрлер мен құндылықтарды жас ұрпақтың санасына сіңіруге жол ашады.

Мультфильмнің қандай мәдени құндылықтарды паш ететіндігін түсіну үшін, оның жасаушылары қандай мақсаттарды көздейтіндігін ұғу қажет. Мысал үшін, Кеңес Одағы кезінде, мультфильмдердің тапсырыс берушілері мемлекеттің өзі болатын. Және ол азаматтарды өзіндік қасиеттерімен тәрбиелеуді мақсат тұтты. Кеңестік мультипликаторлар мультипликациялық киноны саяси белсенді өнер деп ұғынды. Ал, қазіргі жағдайда, мультфильм шығарушылардың мақсаттары қалып қойды. Бұл мақсаттардың тәрбиелік мәнінен гөрі, ең маңызды мақсаты – мультфильмнің нышанын білдіретін тауарлар мен дисктер сатылымы мен прокаттан, жарнамадан түскен пайда басым, сондықтан бұл екі кезеңнің мақсаты екі түрлі болмақ, әрине бір-біріне ұқсас емес нәтиже бермек.

Кеңестік мультипликация зерттеушісі, киносыншы С.Асенин «Волшебники экрана» еңбегінде: «Мультипликация – ең жас, сонымен бірге көне өнер. Және мұндағы негізгі нәрсе, әрине, тарихшылар жиі айтатындай, киноның пайда болуына дейін Ньютон ашқан түрлі суреттер бірлігінің мультипликациялық әдісі емес. Ең маңыздысы, мультипликацияның бейнелік қатары мен көркемдік күші ең алдымен қозғалыстың мәнерлілігіне, метафорасы мен гиперболасына, символикасы мен бейнелік келбетіне әсер етіп, соған сай «масштабты» түрленуі, бар болмысындағы түрлері мен белгілері басым түсіп, халық шығармашылығының шынайы дәстүрі мен біздің көзқарасымыздағы көпқасырлық тәжірибесімен тығыз байланысты», -деп жазады [8, 9 б.]. Зерттеушінің бұл ойлары зерттеу мәселеміздің түпкі мазмұнын айқын көрсетіп тұр.

Қазіргі әлемге белгілі режиссер, аниматор Ю.Норштейн анимация өнеріне арнаған «Снег на траве» атты еңбегінде: «Кем дегенде мультипликация мен үшін – кинематограф. Оны анимациямен суретті пленкаға түсіру мен пленканы проектор арқылы айналдыру, таза химиялық және таза оптикалық әдісі байланыстырады... Кездейсоқтық, ой қиялы көп болса, мультипликация үшін ең кереметі осында. Мультипликация – бұл пленкаға орналасқан сана

мен сезімнің құпиясы... Сезімдер табиғи материяны қиялға айналдырып, содан көрініс береді, - бұл кез-келген шығармашылықтың міндетті шарты. Мультипликацияда – бұл негізгісі», - деп жазады [9, 5 б.]. Ғалымның бұл ойлары анимацияның қайнар бастауларын айқын ашқан.

